

Білім беру саласындағы лицензиарларды айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 қарашадағы № 934 қаулысы.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары білім, кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім, діни білім беру үшін білім беру саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің білім саласындағы аумақтық бақылау департаменттері бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру, біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру үшін білім беру саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарлар болып;

3) осы қаулыға қосымшаға сәйкес өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде білім беру қызметімен айналысуға лицензия беруді келісетін мемлекеттік органдар айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.10.2018 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Білім беру қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 195 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж, № 18, 311-күжат);

2) "Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту және "Білім беру қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 195 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 мамырдағы № 549 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 36, 341-күжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 21 қарашадағы
№ 934 қаулысына
қосымша

Өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде білім беру қызметімен айналысуға лицензия беруді келісетін мемлекеттік органдар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.10.2018 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.04.2019 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 22.09.2020 № 596 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Р/с №	Мемлекеттік орган	Лицензияланатын қызмет түрі	Лицензияланатын кіші қызмет түрі	Лицензиар	
1	2	3	4	5	
1	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті	Білім беру қызметі	Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары білім беру Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Діни білім беру	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті	
2	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің	Білім беру қызметі	Бастауыш білім беру Негізгі орта білім беру Жалпы орта білім беру Біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау	

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті	техникалық және кәсіптік білім беру Біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру	комитетінің білім саласындағы аумақтық бақылау департаменттері	
------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК